

Командалар және олардың рөлдері

Команда әкімшілік жолмен (директордың бұйрығымен) тағайындалуы мүмкін, дегенмен ол команда жұмысына қатысқысы келетін адамдардан құралғаны дұрыс.

Командадағы педагогтер орындауға бейім болатын тоғыз командалық рөлді ажыратуға болады:

- идеялар генераторы – креативті, дарынды, күрделі мәселелерді шешеді, бірақ ұсақ-түйектерді елемейді;

- ресурстарды зерттеуші – ынта-жігерге толы, мүмкіндіктерді талдайды, байланыстарды дамытады, бірақ ынта-жігері таусылғаннан кейін жұмысқа қызығушылығын жоғалтады;

- үйлестіруші – кемелденген адам, жақсы басшы, өз өкілеттіктерін жақсы атқарады, бірақ басқа адамдардың ықпалына түсуі мүмкін;

- ынталандырушы – басқаларды ынталандыратын, ширақ адам. Шиеленісті жағдайларда өзін-өзі ұстайды, кедергілерді батыл жеңеді, бірақ басқа адамдардың сезімдеріне әсер етіп, оларды ашуландыруы мүмкін;

- аналитик – стратегиялық тұрғыдан ойлайтын және көреген адам, барлық нұсқаларды қарастырады, қатесіз қорытынды жасайды, бірақ басқа адамдарды іс-әрекетке жұмылдыра алмайды;

- командаданы шабыттандырушы — қайырымды, сабырлы, алғыр, мәмілегер. Жасампаз, ерегістердің алдын алады, адамдарды сабырлыққа шақырады, бірақ дағдарыс жағдайында нық шешім қабылдай алмайды, басқалардың ықпалына ереді;

- іске асырушы – идеяларды тәжірибелік тұрғыдан іске асырады, тәртіпті, сенімді, бірақ икемсіз, жана мүмкіндіктерге орай баяу әрекет етеді;

- бақылаушы – ыждаһатты, адал ниетті, қателіктер мен кемшіліктерді іздейді, бірақ шамадан тыс мазасыздануға бейім, міншіл болуы мүмкін;

- маман – шынайы, тәуелсіз, ерекше білім мен дағдыларға ие, бірақ мәселенің егжей-тегжейлі техникалық қыр-сырына мән береді, жалпылама жағдайға мән бермей, немқұрайды қарайды.

Команда құру және оның қайда, қашан және қалай жұмыс істейтінін жоспарлау — мектептің даму бағдарламасын жасаудағы алғашқы қадам.

Дереккөз: Т.Н. Патрахина. Білім берудегі менеджмент: Оқу құралы. Нижневартовск: Нижневартовск гуманитар. университетінің баспасы, 2011. — 123 б.